

"ҚазТрансГаз" жабық акционерлік қоғамына "Амангелді" газ кен орнын игеруге уақытша жер пайдалану құқығын беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 22 қазандағы N 1139 Қаулысы

"Жер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Орман қоры санатындағы жерлерден өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығынан тыс мақсаттағы жер санатына ауыстырылсын:

Жамбыл облысының Мойынқұм ауданындағы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі Мойынқұм мемлекеттік мекемесінің Төменгі Шу орманшылығының жерлерінен жалпы алаңы 1842 (бір мың сегіз жүз қырық екі) гектар, оның ішінде: 914 (тоғыз жүз он төрт) гектар жайылымдық, 928 (тоғыз жүз жиырма сегіз) гектар орман
о р н а л а с қ а н ж е р л е р ;

Жамбыл облысының Талас ауданындағы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі Ақкөл мемлекеттік мекемесінің Аққұм және Кеңес орманшылығының жерлерінен жалпы алаңы 2227 (екі мың екі жүз жиырма жеті) гектар, оның ішінде: 614 (алты жүз он төрт) гектар жайылымдық, 1613 (бір мың алты жүз он үш) гектар орман
о р н а л а с қ а н ж е р л е р .

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жерлерді Жамбыл облысы Мойынқұм және Талас аудандарының әкімдері заңнамада белгіленген тәртіппен 83879712 (сексен үш миллион сегіз жүз жетпіс тоғыз мың жеті жүз он екі) теңге мөлшеріндегі орман шаруашылығы өндірісінің ысырабы республикалық бюджетке аударылғаннан кейін "ҚазТрансГаз" жабық акционерлік қоғамына 31 жыл мерзімге Амангелді кен орнын игеруге уақытша жер пайдалану құқығымен берсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі